

Кегенбеков Ж., Курмангали М.

Еуразиялық экономикалық одақ шартындағы кедендік мәселелерге қатысты негізгі баптар

Мақалада Еуразиялық экономикалық одақ шартындағы кедендік мәселелер қарастырылады. Одақтағы кедендік реттеу Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес және Одақтың құқығын құрайтын, кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес, сондай-ақ Шарттың ережелеріне сәйкес бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт, Еуразиялық экономикалық одақтағы кедендік реттеу.

Kegenbekov Zh., Kurmangali M.

The main article of the Treaty on the Eurasian Economic Union, dedicated to customs issues

This article discusses some of the main articles of the Treaty on the Eurasian Economic Union, dedicated to customs issues. Within the framework of the Customs Union member states apply the common customs tariff of the Eurasian Economic Union and other common measures regulating foreign trade in goods with third parties; is a single trade regime in relation to third parties and implemented a single customs regulation.

Key words: Treaty on the Eurasian Economic Union, customs regulation in the Eurasian Economic Union

Кегенбеков Ж., Курмангали М.

Основные статьи Договора об Евразийском экономическом союзе, посвященные таможенным вопросам

В статье рассматриваются некоторые основные статьи Договора об Евразийском экономическом союзе, посвященные таможенным вопросам. В рамках Таможенного союза государств-членов применяются единый Таможенный тариф Евразийского экономического союза и иные единые меры регулирования внешней торговли товарами с третьими сторонами; действует единый режим торговли товарами в отношениях с третьими сторонами и осуществляется единое таможенное регулирование.

Ключевые слова: Договор об Евразийском экономическом союзе, таможенное регулирование в Евразийском экономическом союзе.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ОДАҚ ШАРТЫНДАҒЫ
КЕДЕНДІК
МӘСЕЛЕЛЕРГЕ
ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ
БАПТАР**

Қазіргі жағдайда жалпы әлемдік экономикалық үдерістің дамуы өңірлік сауда блоктары деп аталатын, өңірлік интеграциялық бірлестіктердің елеулі өсуімен сипатталады. Осындай келісімдер шеңберінде әлемдік сауда операцияларының үштен бірінен астамы жүзеге асырылады, ал егер Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығын (АТЭЫ) есепке алсақ, шамамен үштен екісі. Қазіргі таңда іс жүзінде әрбір ел кемінде осындай бірлестіктердің біріне кіреді деп айтуға болады. Көптеген мемлекеттер, жеке алғанда, дамушы елдер өңірлік интеграцияларды өзінің экономикалық даму құралы ретінде көреді. Өңірлік ынтымақтастықтың бірнеше түрі бар, бірақ олардың барлығы бір мақсатты көздейді – қатысушы елдер арасындағы саудадағы шектеулерді азайту, бұл үшінші елдермен саудаға қатысты кемсітуді білдіреді.

Осындай келісімдер өзінің қарапайым нысанымен блок мүшелері арасындағы саудада кедендік тарифтерді болдырмайды, алайда көптеген жағдайларда, олар тарифтік емес кедергілерді қамтып және инвестициялауға ырықтандыру тәсілін және экономикалық саясаттың басқа да аспектілерін тарата отырып, алысқа барады. Тұтас алғанда, әлемдік тәжірибеде өңірлік экономикалық интеграцияның бірнеше түрлері бар немесе сатылары бар: еркін сауда аймағы, кеден одағы, жалпы нарық, экономикалық одақ.

XXIV ГАТТ анықтамасына сәйкес Кеден одағы деп екі немесе бірнеше аумақты бір кеден аумағымен келесі түрде ауыстыру түсіндіріледі: 1) баж салығы және сауданы реттеудің басқа да шектеу шаралары одақты құрайтын аумақтар арасындағы барлық саудада немесе, кем дегенде, осы аумақтарда болатын барлық тауар саудасына қатысты жойылады, және 2) іс жүзінде осы баж салығын және сауданы реттеудің басқа да шараларын одақтың әр мүшесі Одаққа кірмеген аумақтармен саудаға қатысты қолданады. Басқаша айтқанда, Кеден одағы үшінші елдерге қатысты еркін сауда аймағы мен бірыңғай кедендік тарифті қиыстыруды білдіреді.

Қазақстан, ТМД басқа мемлекеттері сияқты әлемдік экономиканың толыққұқылы қатысушысы болуға және кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте көптеген интеграциялық бірлестіктердің белсенді қатысушысы болып, өзінің сыртқы экономикалық

байланыстарын дамытуға күш салады. Осыған байланысты, 2000 ж. 10 қазанда Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттерінің басшылары Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартқа қол қойды. Әрі қарай 2006 жылғы 16 тамызда ЕурАзЭЖ мүше (Қазақстан, Ресей және Беларусь) мемлекеттердің басшылары «ЕурАзЭЖ шеңберінде кеден одағын қалыптастыру туралы» Шешім қабылдады. Және, ақырында, 2007 жылғы 6 қазанда Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Бірыңғай кеден аумағын және кеден одағын құру туралы шартқа қол қойды. Қазіргі кезде кеден мәселелері Еуразиялық экономикалық одақ деңгейінде реттелетін болды.

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) халықаралық құқық субъектілігіне ие және Одақ туралы шартпен құрылған өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы. ЕАЭО-да тауарлар, көрсетілетін қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің қозғалу еркіндігі, сондай-ақ экономика салаларындағы үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясаттың жүргізілуі қамтамасыз етіледі. Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер болып табылады. ЕАЭО ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау мен олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру және мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесінде орнықты даму үшін жағдайлар жасау мақсатында құрылды [1].

Құқық субъектілігі шартпен белгіленген Одақ құрады, оның шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі. Одақ халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады.

Одақ өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде: мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі мен олардың аумақтық тұтастығы қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу; мүше мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін құрметтеу; мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің еске-

рілуін қамтамасыз ету; нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау; өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін кеден одағының алып тастауларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі қағидаттары негізінде жүзеге асырады. Мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайды және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалады [1].

Одақтың негізгі мақсаттары келесі: мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау. Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу; жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады [2].

ЕАЭО құзыретіне келетін болсақ, Одаққа Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде құзырет беріледі. Мүше мемлекеттер Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде үйлестірілген немесе келісілген саясатты жүзеге асырады. Мүше мемлекеттер экономиканың өзге салаларында Одақтың негізгі қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес үйлестірілген немесе келісілген саясатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Бұл үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен тиісті бағыттар бойынша көмекші органдар (мемлекеттік органдары басшыларының кеңестері, жұмыс топтары, арнайы комиссиялар) құрылуы және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссияға тиісті салаларда Мемлекеттердің өзара іс-қимылын үйлестіру жөнінде тапсырмалар берілуі мүмкін. Одақтың құқығы: Шарттан Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардан Одақтың үшінші мемлекетпен халықаралық шарттарынан; Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдерінен құралады. Мүше мемлекеттер Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдерін өз ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен орындауға тиіс [2].

Одақтың үшінші мемлекетпен халықаралық шарттары Одақтың негізгі мақсаттарына, қағи-

даттарына және жұмыс істеу қағидаларына қайшы келмеуге тиіс. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Шарт арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Шарт басым болады. Одақ органдарының шешімдері мен өкімдері Шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда: Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдері Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінен басым болады.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдері Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінен басым болады [2]. Одақтың халықаралық қызметі Одақтың өз құзыреті шеңберінде Одақ алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталған халықаралық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар. Одақтың осындай қызмет шеңберінде мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және халықаралық интеграциялық бірлестіктермен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға және олармен дербес өзі не мүше мемлекеттермен бірлесіп өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар. Одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен белгіленеді. Одақтың үшінші мемлекетпен халықаралық шарттар жасасу мәселелері Одақ шеңберінде халықаралық шартпен айқындалады.

Одақтың үшінші мемлекетпен халықаралық шарттарының жобалары бойынша келіссөздер жүргізу, сондай-ақ оларға қол қою мүше мемлекеттер тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Одақтың үшінші мемлекетпен халықаралық шартының Одақтың өзі үшін міндетті екеніне келісім білдіруі, халықаралық шартты тоқтатуы, тоқтата тұруы немесе одан шығуы туралы шешімді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес барлық мүше мемлекеттер қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін қабылдайды [2].

Кеден одағының жұмыс істеу қағидаттары мүше мемлекеттердің кеден одағы шеңберінде тауарлардың ішкі нарығы жұмыс істейді. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі және үшінші мемлекетпен

тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің өзге де бірыңғай шаралары қолданылады, үшінші мемлекетпен қатынастарда тауарлар саудасының бірыңғай режимі қолданылады, бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылады, Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды кедендік декларациялау және мемлекеттік бақылау: көліктік, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық қолданбастан, еркін өткізу жүзеге асырылады [2].

Кедендік әкелу баждарының сомасын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару осы Шартқа сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар мен еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеуі мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, инвестициялар тарту, жаңа технологияларға негізделген өндірістер құру және оларды дамыту, көлік инфрақұрылымын, туризмді және санаториялық-курорттық саланы дамыту мақсаттарында, сондай-ақ өзге де мақсаттарда мүше мемлекеттердің аумақтарында еркін экономикалық аймақтар мен еркін қоймалар құрылып, жұмыс істейді.

Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар мен еркін қоймаларды құру және олардың жұмыс істеу жағдайлары Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалады. Ішкі нарық: Одақ Шарттың ережелеріне сәйкес ішкі нарықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Ішкі нарық экономикалық кеңістікті қамтиды, онда Шарттың ережелеріне сәйкес тауарлардың, тұлғалардың, көрсетілетін қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі. Өзара тауарлар саудасындағы ішкі нарықтың жұмыс істеуі шеңберінде мүше мемлекеттер, Кедендік әкелу және әкету баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды), тарифтік емес реттеу шараларын, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданбайды [2].

Әкелім кезінде Кеден одағының кедендік аумағына тауарлардың келуімен, оларды келу орнында уақытша сақтауға орналастырумен не кедендік органға дейін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес алып өтумен байланысты кедендік операцияларды бірізді жасау қарастырылған, бұл жерде оларды декларант таңдап алған кедендік рәсімге сәйкес кедендік мағлұмдау жүзеге асады. Бұрында әрекетте болған тәртіппен

негізгі айырмашылық, егерде Кедендік одақтың кез келген мүше мемлекеттеріне әкелінген және оған кеден одағының біртұтас кедендік аумағының жұмыс істеу режимінен уақытша жеке алулар Хаттамасында көрсетілген тауарлардан басқа, «кедендік одақтың тауарлары» мәртебесі бар тауарларды алуды қарастырушы ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімдеуіне орналастырылған шетелдік тауарлар Кеден одағының бүкіл кедендік аумағында еркін айналу құқығын алуы болып табылады.

Осындай Кеден одағының бүкіл кедендік аумағында еркін айналу құқығын 2010 жылдың

1 шілдесінен бастап Ресей Федерациясынан, Беларусь Республикасынан, Қазақстан Республикасынан шығатын тауарлар, сондай-ақ көрсетілген күнде Кеден одағының мүше мемлекеттерінде отандық деп мойындалған тауарлар иеленеді.

Одақтағы кедендік реттеу Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес және Одақтың құқығын құрайтын, кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес, сондай-ақ Шарттың ережелеріне сәйкес бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

- 1 Еуразиялық экономикалық одақ ресми ресурсы / <http://www.eaeunion.org/?lang=kk#about-info>
- 2 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240>

References

- 1 Eurazijalyk jekonomikalық одақ resmi resursy / <http://www.eaeunion.org/?lang=kk#about-info>
- 2 Eurazijalyk jekonomikalық одақ туралы шартты ratifikacijalau туралы Қазақстан Respublikasynың Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240>